

**2021 жылғы 01 сәуірден бастап шығарылған
«ForteBank» АҚ төлем карточкалары бойынша
Cashback төлеу шарттары**

Осы «ForteBank» АҚ-да (бұдан әрі-Банк) Cashback төлеу шарттары Банкте Cashback төлеудің жалпы қағидаларын белгілейді.

Банк Cashback-ті клиенттерінің қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүргізуін ынталандыру, оның ішінде Интернет желісінде, Банктің ниеттестік бағдарламаларын дамыту, клиенттік базаны кеңейту, көрсетілетін банк қызметтерінің сапасын жақсарту мақсатында төлейді.

1. Терминдер мен анықтамалар

- 1) **Cashback** – Банк клиентке Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарда және мөлшер шегінде карточка бойынша қолма-қол ақшасыз төлем сомасының бір бөлігін қайтаруды жүзеге асыратын Банк қызметі.
- 2) **Карточка** – Банк шығарған дебеттік/ кредиттік төлем картасы.
- 3) **Клиент** – жеке тұлға, төлем карточкасын ұстаушы.
- 4) **МСС-код** - сауда нүктесінің қызмет түрін сипаттайтын арнайы төрт таңбалы код.
- 5) **Банк сайты** – Банктің Интернет желісіндегі www.forte.kz мекенжайы (домендік аты) бар ресми сайты.
- 6) **Шот** – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы/ жинақ шоты.
- 7) **PUSH-хабарлама** – әріптисандық мәтіні бар ақпараттық-жарнама сипатындағы хабарламалар.

2. Cashback төлеу шарттары

- 2.1. Cashback Банк белгілеген және Банктің байланыс арналары арқылы Клиенттің назарына жеткізілген мөлшерлерде және тек Банк шығарған Карточкалар бойынша төленеді.
- 2.2. Банк Cashback қызметін ұсыну талаптарын Банктің тиісті шешімі негізінде біржақты тәртіппен өзгерте/ толықтыра алады. Cashback қызметін ұсыну талаптары туралы ақпарат Банктің сайтында орналастырылады.
- 2.3. Клиентке жүргізген карточкалық операцияларының қорытындысы бойынша белгілі бір «cashback сомасына» (ең төменгі шекті сома) жеткен кезде төленеді, бұл сәтке дейін «cashback сомасы» төлем жүргізу жағдайы басталған кезде кейінгі есеп айырысулар үшін Банктің банкішілік шотында есепке алынады.
- 2.4. Клиентке қол жеткізген кезінде Cashback төленетін ең төменгі шекті сома кемінде 2000 теңгені құрайды.
- 2.5. Банк cashback сомасын Клиент осындай төлемді мобильді интернет банкингтегі cashback сомасын Шотқа аудару арқылы жүргізуге өзінің еркін білдірген жағдайда, төлейді.
- 2.6. Cashback сомасы карточкалық операция жүргізілгеннен кейін келесі күні банкішілік шотта есепке алынады, ол туралы Клиентке Push-хабарлама жіберіледі.

3. Cashback есептеу бойынша шектеулер

3.1. Cashback карточкалық операциялардың келесі түрлеріне есептелмейді:

- Банк қызметтерін төлеу;
- казино мен тотализаторлардағы операциялар бойынша;
- лотерея билеттері мен облигацияларды сатып алуға байланысты операциялар бойынша;
- кейіннен ақша қайтарылған операциялар бойынша;
- карточкадан Банкте немесе басқа банктерде ашылған шоттарға ақша аударумен байланысты барлық операциялар бойынша;
- электрондық әмияндарды толықтыруға, байланыс операторының қызметтерін төлеуге байланысты операциялар бойынша;
- банкоматтар, БҚҚЖ, байланыс операторының интернет-ресурсы арқылы тауарлар/ қызметтер жеткізушілерінің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлем жасау;

- коммуналдық қызметтерді (электр, газ, су), мемлекеттік қызметтерді, мемлекеттік пошта қызметтерін, салық төлемдерін, сот шығындарын төлеуге байланысты операциялар бойынша, сонымен қоса алименттер, айыппұлдар, кепілдік және төлем міндеттемелерін төлеу үшін, жолаушылар тасымалы, автобус бағыттары, ақылы жолдар үшін алым.

3.2. Клиент кейіннен ақшасы қайтарылған тауарды қайтарған/ қызметтен бас тартқан жағдайларда, Банк бұрын есептеген Cashback сомасы Клиенттің шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен алынады.

4. Cashback түрлері

Банк cashback-тің мынадай түрлерін қарастырады:

- 4.1. **Жоғарылатылған Cashback** - Клиенттің өзі ай сайын мобильді қосымшада таңдаған жоғарылатылған Cashback есептеуге арналған санаттар - 15% дейін cashback.
- 4.2. **Серіктестік cashback** - Банктің серіктестерінен арнайы ұсыныстар бойынша жасалған сатылымдар үшін 30% дейін cashback.
- 4.3. Клиент әр ай үшін алуы мүмкін Банк беретін Cashback-тің ең жоғары сомасы 100 000 теңгені құрайды. Серіктестер желісінде Cashback сомасы шектелмеген.
- 4.4. Cashback тек Cashback-тің ең жоғары мөлшерінің сомасында төленуі мүмкін.

5. Клиенттің санатты таңдау тәртібі

- 5.1. Санатты таңдау Банктің мобильді қосымшасында барлық Клиенттер үшін қолжетімді.
- 5.2. Банк санаттар тізбесі мен әрбір санат бойынша Cashback мөлшерін біржақты тәртіппен белгілейді және оны ай сайын өзгерте алады.
- 5.3. Әр айдың басында клиентке санаттар тізімі ұсынылады, олардың ішінен клиент бір ай ішінде тиісті Cashback алатын екі санатты таңдай алады.
- 5.4. Cashback санатын ағымдағы айдың кез келген күні айдың 01-нен бастап соңғы күніне дейін орнатуға болады.
- 5.5. Санаттарды таңдау ағымдағы ай ішінде 1 (бір) рет жүзеге асырылады және өзгертуге жатпайды.
- 5.6. Егер клиент ағымдағы ай үшін жаңа санатты таңдамаса, онда ағымдағы ай үшін бұрын таңдалған санатқа қарамастан, клиентке барлық сатылымдар үшін Cashback төлеу тоқтатылады.
- 5.7. Банк сауда санаттарын MCC (Merchant Category Code) - сауда нүктесінің негізгі қызметін анықтау үшін Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелерінде қарастырылған код (мысалы, MCC – Азық-түлік дүкендері, Дәріханалар, супермаркеттер, Қонақ үйлер және т. б.) бойынша белгілейді.
- 5.8. Банк эквайер-банктердің (сауда-сервистік нүктелерге қызмет көрсететін банктердің) сауда-сервистік нүктелерге MCC-ны дұрыс бермегені үшін жауапкершілік алмайды.

6. Басқа шарттар

- 6.1. Банк Клиентке алдын ала хабарламай, өз қалауы бойынша кез келген сәтте біржақты тәртіппен Cashback есептеуді және/немесе төлеуді тоқтатуға құқылы.